

РЕКЕЛДІ!

стана қаласы әкімдігі Ұлыстың ұлы күні қарсаңында соғыс ардагерлеріне пәтер кілттерін табыс етті. Астаналық алты ардагер өз Наурызды жаңа пәтерде өтеді.

АСТАНАЛЫҚ АРДАГЕРЛЕР БАСПАНАЛЫ БОЛДЫ

Халима БУҚАРҚЫЗЫ

Астана

«Бүгін біз Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың тапсырмасына сәйкес, Ұлы Отан соғысына қатысқан ардагерлерімізге пәтер кілттерін табыс етеміз. Бірінші кезекте сіздерді Наурыз мейрамымен құттықтаймыз. Сіздерге зор денсаулық, туған туыстарыңызға береке-бірлік тілейміз. Көктем мейрамы – Наурызды сіздер отбастарыңызбен жана баспанада қарсы алатын боласыздар. Бүгінгі ұрпақ сіздердің ерліктеріңізді ешқашан ұмытпайды. Біз сіздердің арқаларыңызда тұрақты даму жолына түскен мемлекетте өмір сүріп жатырмыз, сол үшін де сіздерге алғысымыз шексіз» деді ардагерлерге пәтер кілттерін тапсырған Астана қаласы әкімінің орынбасары Андрей Лукин.

Бүгінгі таңда елордамызда сұрапыл соғыс жылдарында қан майданда от кешкен 300-ге тарта ардагер тұрады. Бүгінде олардың барлығы баспанамен қамтылып болды. Ал жаңа пәтердің кілтін алғандар елордадағы «Тілендиев» және «Мұнар» тұрғын үй кешендерінің тұрғыны атанды.

...Әкімдіктің марапаттау рәсімі өтетін бөлмесі. Жаңа пәтер кілтін алуға келген ардагерлер, әрқайсысының жанында баласы яки немересі бар. Енді ше, соңғы уақытта соғыс салған тән жарасы мен жан жарасы мазалауды шығарған. Ол аздай бірі көруден, енді бірі естуден қалған. Ал ана бір атай мүгедек арбасына танылыпты. Бөрінің де жасы тоқсаннан асып жығылады. Ал мүгедек арбасындағы Федор Сергеевич 101 жаста. Арбасында біздің көрініміз Жайташ ақсақал болды. 1926 жылы Оңтүстік

соғысқа да сол ауылдан 1944 жылдың қарашасында аттаныпты.

– Киыр Шығыс майданында болғам, әскери қызметімді Сталинградтан бастадым, 50-ші жаяу әскерлер сапында болдым. Біз артиллеристерміз ғой, ал артиллерияның соғыстың құдайы дейтін, – деген атай Наурыз-тілегін жолдады.

– Бізді құрметтеп, жас баладай аялағандарыңыз үшін алғыс айтамыз, Қазақстан көркейе берсін, Елбасыдан бастап ел үшін тер төгіп жүргендердің еңбектері жемісті болсын, табыс табысқа, жеңіс жеңіске ұлассын, – деді ағынан жарылып. Атай тіпті әскерде жүргенде айтқан әнді де орындап берді.

Соғыс ардагері Тастанбек Байботаев та Оңтүстік Қазақстан облысының тумасы екен. Сарыағаш ауданында дүниеге келген. 1940 жылы соғысқа аттанып, 1943 жылы аяғынан жараланып, елге оралған, тоғыз баланың әкесі, немере-шөбере сүйіп отыр.

Батыс Қазақстан облысы, Қазталов ауданында туған Әубәкір Қажымұратов III Беларусь майданында соғысканың ғана есіне түсіре алды. «Құлақ естімейді ғой, қарағым» дейді. Астаналық атанғанына 15 жылдан асыпты.

Ал ғасыр жасап отырған Федор Сергеевич 1914 жылдың тумасы, 101 жаста.

– Аршалы ауданынанмын. 1937 жылы әскер қатарына алындым, енді елге ораламын деп жүргенде Финн соғысы басталып кетті. Одан соң 1941 жылғы соғыс жалғасты. Осылайша елге тура он жыл салып бір-ақ оралдым ғой, – деді өткенді еске алып. III Украина майданында соғысқан Федор Сергеевич пулеметші болған екен. Біздің газеттен екімізді естігені сол, көп өнгіме айттымыз келді, бірақ көрілік

ТҰЛҒА

ТАҒЫЛЫМЫ МОЛ ТӘЛІМГЕР

Бейтерек тамырын тереңге тартқан сайын жапырақтарын көкке жайып, алыптана, айбындана түседі. Қазіргі заманғы қазақстандық қайраткерлердің ішіндегі киелі туған топырақтан нәр алған, өзі де еліне сая болған мәуелі бейтеректердің бірі – Максұт Сұлтанұлы Нәрікбаев 30 наурызда 75 жасқа толады. Осылайша, белгілі ғалым тағы бір абыройлы белеске көтеріліп отыр.

Өнегесі кейінгі ұрпаққа тәлім болар Максұт Сұлтанұлының бедел-атағы зор, мерей-марапаты мол: ол – II сыныптағы мемлекеттік әділет кеңесшісі, заң ғылымдарының докторы, профессор, жоғары біліктілік сыныбының судьясы, жоғарғы мектептің Халықаралық академиясының академигі, Қазақстанның көрнекті ғалым-криминологы, ҚазМЗУ-дың Құрметті ректоры, Қазақстан Республикасы Жоғарғы сот кеңесінің мүшесі.

Максұт Нәрікбаев еліміздің белгілі ғалымы, «Қазақ гуманитарлық-заң университеті» АҚ-тың президенті ғана емес, ол, сондай-ақ айналасы тілеулерестерге толы тамаша адам, заңгерлік салада жоғары білікті кадрлардың тұтас буының тәрбиелеп шыққан дана тәлімгер, биік азаматтық ұстанымдағы мақсатшыл азамат.

М.Нәрікбаевтың басып өткен жолына, еңбек өрісіне көз салғанда, оның еңбексүйгіштігін, ұдайы өз білімін арттырып отыратынын байқауға болады.

Максұт Сұлтанұлының тұлға ретінде қалыптасуы 1959 жылы, Украинадағы техникалық училищені бітіргеннен кейін басталды. Ол ұтымдыдан алтын бесігі – ауылда жұмыс істеді: клубтың менгерушісі, Талдықорған радиотарату және телевизия басқармасының тілшісі және редакторы болды. Талдықорған аудандық еңбекшіл депутаттар кеңесінің атқарушы комитетінің мәдениет бөлімін басқарды.

Жоғары білім алғаннан кейін М.Нәрікбаев өз тағдырын прокуратура органдарымен тоғыстырды: 1974 жылы С.М.Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетін бітірген соң, ол Талдықорған қаласының прокуратурасына стажер қызметіне жолданды, кейін аға тергеушіге дейін өсті.

Алға қойған мақсат-мұратқа жетпей тоқтамайтын Максұт Сұлтанұлы өз өмірінде талай биіктерді бағындырғаны мәлім. Ол өзінің заңгерлік әлеуетін жүзеге асыра алған осы құқыққорғау органының заңғарына да көтерілді: арада 20 жылдан сәластам уақыт өткенде Максұт Нәрікбаев Елбасының Жарлығымен Қазақстанның



Бас прокуроры болып тағайындалды. Осы мемлекеттік лауазымды атқара жүріп, ол отандық прокуратура органының қалыптасуы үшін көп іс тындырды.

Дәл осы кезеңде, дәлірек айтқанда, 1995 жылдың желтоқсанында осы орган үшін аса маңызды нормативтік құқықтық акті – «Қазақстан Республикасының прокуратурасы туралы» заңының күші бар ҚР Президентінің Жарлығы қабылданды.

Прокуратура органдары сыртында М.С.Нәрікбаев Президент Әкімшілігінде және Қазақстанның Министрлер кабинетінде, сондай-ақ әділет және сот органдарында еселі еңбек етті. Айтқандай, Максұт Сұлтанұлы – еліміздегі үш билік тармағының бірінің тізгінін ұстаған тұлға: ол Қазақстан Жоғарғы сотының төрағасы қызметін атқарды.

Максұт Нәрікбаев Қазақ гуманитарлық-заң университетінің ұжымына басшылық ете отырып, өзінің бүкіл орасан зор кәсіби және өмірлік тәжірибесін болашақ мамандарды даярлау және тәрбиелеу ісіне жұмсауда.

Максұт Сұлтанұлы бүгінде – «ҚазМЗУ» АҚ ректоры, президенті, Директорлар кеңесінің төрағасы. Ол көпқырлы, дарынды, дана басшы ретінде университетті озық орындарға шығарды. ҚазМЗУ қазіргі кезде еліміздің ең беделді жоғары оқу орындарының қатарында саналады.

Университет замана көшінен қалмай, реформалар жүргізіп, білім берудің кредиттік жүйесіне негізделген жана технологияларды ендіріп, Шетелдік жетекші ғылым ордаларымен ынтымақтастық орнату арқылы елімізде алғаш-

қылдардың бірі болып, қос диплом беруді жолға қойды.

Білім беру және ғылыми қызметпен шұғылдана жүріп, Максұт Сұлтанұлы прокуратура органының ары қарайғы дамуына өз үлесін қосуда. ҚазМЗУ-дың белсенді атсалысуымен, Бас прокуратураның Кадрлық жұмыс департаменті лайықты қызметкерлерді іріктеп алуға қажетті жағдайлар жасау бағытында жүйелі және мақсатты түрде жұмыс жүргізуде.

Университет құқыққорғау бөлігіндегі кадрлық саясатты жаңғырту бойынша ізденістерге, Бас прокуратураның жана ғылыми-зерттеу әзірлемелеріне үлкен қызығушылық таныта отырып, дуалды білім беру бастамасын қолдады.

Бас прокуратураның кадрлық қызметінің авторлық зерттеулерінің өзекті және тәжірибеге бағдарланған әзірлемелері негізінде ҚазМЗУ-дың Құқық мектебімен ынтымақты істер бастау алды. Студенттер үшін мансаптық өсудің арнайы бағдарламасы әзірленді, ондағы «идеалды қызметкер» моделі құндылықтық бағдар және болашақта осы қызметке тұрудан үміткерлер үшін ынталандыру болып табылады.

ҚазМЗУ-дың профессорлық-оқытушылық құрамының қатысуымен, прокуратура құқық қорғау органдары қызметінің әрбір бағыты бойынша кәсіби стандарттарды түзуде. Болашақ кадрларды тәрбиелеу бойынша арнаулы әдістемелік құрал пысықталуда, ол құқыққорғау органы қызметкерінің мінез-құлқының стандарттарын енді студенттік кезден бастап қалыптастыруға бағытталған.

Бірінғай мақсаттарға қол жеткізуге

жәрдемдескен «Прокуратура – ЖОО» тандемі кейіндері пайдасы еш кем емес басқа бастамаға ұласты. Ол жаңа формада жүзеге асырылды: ҚазМЗУ-дың жұмыс берушілерінің үйлестіруші кеңесі білім беру бағдарламаларын талқылау мен жетілдіру және оларды жұмыс берушілердің сұраныстарына бағдарлау, сондай-ақ бірлескен ғылыми қызмет жүргізу бойынша диалог алаңына айналды.

Бұл кеңес мемлекеттік, соның ішінде құқық қорғау органдарының, ұлттық компаниялардың, жетекші заңгерлік және консалтингтік ұйымдардың, қоғамдық бірлестіктердің және тіпті халықаралық ұйымдар мен шетелдік елшіліктердің өкілдерін біріктірді. Кеңестің төрағасы ретінде Бас прокуратураның Кадрлық жұмыс департаментінің бастығы Роза Досымбекова бірауыздан сайланды.

Осының барлығы ҚазМЗУ-дың өз түлектерінің болашағына әкелік қамқорлық танытатындығының, жұмыс берушілер үшін кадрларды сапалы даярлау жолында барлық тараптың күшін біріктіретіндігінің айғағы болса керек.

Ұстаз, тәлімгер, ғалым Максұт Сұлтанұлының барлық уақыты болашақ мамандарға, олардың қоғамда сұранысқа ие болуына, қызметіне кәсіби тұрғыдан сай болуына қамқорлық жасаумен өтуде. Оның ой-толғаныстары заңгерлік ғылымын дамытуға бағытталған.

Еңбегі сінген қайраткер, қазақстандық саясаткер, құқықтанушы, отандық сот төрелігінің ардагері Нәрікбаевтың төлегей тағалымын, үлкен дарынын, терең білімін әрдайым қоғам қажет етері сөзсіз.

Ғылыми қызметінің ұзақ жылдарында М.Нәрікбаев Қазақстанның қылмыстық құқығының дамуына құнды ықпал етті. Ол «Подросток и закон», «Правовая охрана детства», «Уголовно-правовые и криминалистические проблемы борьбы с корыстно-насильственными преступлениями несовершеннолетних», «Дорога к правосудию» секілді кітаптардың авторы.

Максұт Сұлтанұлының өмір жолы мен ерен еңбегі елге қызмет студің үлгісі болып табылады. М.С.Нәрікбаев өзінің азаматтығымен және отаншылдығымен жастарға өнеге беруде. Өзінің кәсіби біліктілігімен, халық игілігі жолындағы табанды еңбегімен ол құрмет-қошеметке бөленді.

Мерейтой күні біз Максұт Сұлтанұлына мықты денсаулық, мол бақыт, ұзақ өмір, ғанибетті құмыр, шектелмес шабыт және жұмыста жана табыстар тілейміз!

Елдос СЕНБАЙ